# Азия Кредит қоры, Қазақстан

## ӘЛЕУМЕТТІК РЕЙТИНГ [S] BB+

Әлеуметтік қызметті басқарудың және клиенттерді қорғау жүйесінің тиісті деңгейі. Әлеуметтік міндетке қанағаттанарлық сәйкестік.




Әлеуметтік рейтингті беру жөніндегі комитет Сәуір 2018 Өткен әлеуметтік рейтинг: Бірінші әлеуметтік рейтинг

Авторлық құқығы қорғалған © 2018 MicroFinanza Rating Srl (MFR). MFR-дің нақты көрсетілген келісімінсіз кез-келген жаңғыртуға тыйым салынады.

## ӘЛЕУМЕТТІК РЕЙТИНГТІҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

**ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ**

Акционерлер, Бақылау кеңесі және жоғарғы басшылық мекеменің әлеуметтік міндетінің бұлжымастығына тең қарайды. Міндеттен ауытқу тәуекелі мүлде төмен, өйткені бір акционерге (Mercy Corps) міндеттің кез-келген өзгеруіне тыйым салуға ресми түрде құқық берілген. Әлеуметтік стратегия жалпы белгіленеді. Күтілетін нәтиже үшін сандық мақсаттар қарастырылмаған. АКҚ әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуді қадағалау және бақылау үшін өз мүмкіндіктерін толық пайдаланбайды.

**КЛИЕНТТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК**

Қызметкерлердің алдындағы әлеуметтік жауапкершілік – өте жақсы. Жұмыс ахуалы - қолайлы, еңбекақы деңгейі нарыққа сәйкес келеді. Қызметкерлердің тұрақсыздық коэффициентінің деңгейі ұқсас компанияларға қарағанда төмендеген. Материалдық ынталандыру бағдарламалары шамадан тыс берешектің қалыптасуына ықпал етпейді. стандартты кіріспе тренингтер жүргізіледі, жүйелі біліктілікті арттыру курстары 2018 жылы іске қосылады. АКҚ-ның Smart сертификаттауы бар. Ұйым тиісті кредиттік талдауды қолданады. Баға белгілеудің ашықтығы өзгеше. Берешекті өндіріп алу рәсімдері және тыйым салынған әрекеттер нысандандырылған.

**ҚАМТУ**

АКҚ 14 аймақтың 5-еуін қамтиды және қарыз алушыларының саны бойынша көлемі жағынан Қазақстандағы екінші микроқаржылық мекеме және кредиттік портфелінің көлемі бойынша бесінші мекеме болып табылады. Мекеменің бес филиалға біріктірілген 32 қосалқы кеңсесі (әр жұмыс аймағында бір-бірден) бар және мақсатты тұрғындарды қамтудың тиісті деңгейін көрсетеді.

**КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ**

Жергілікті заңнамаға сәйкес жалғыз болжалды қаржылық өнім, бұл - кредит, бірақ, қолда бар кредиттік өнімдер клиенттердің коммерциялық және тұрмыстық сұраныстарын қанағаттандырады. Барлық клиенттер негізгі қаржылық кеңес берулердің артықшылықтарын пайдаланады, олардың кейбіріне ауыл шаруашылық және бизнес тренингтерге бару мүмкіндігі беріледі.

| Мекеме туралы мәліметтер | 2017 жылғы |
|---|---|
| Белсенді қарыз алушылар | 20 620 |
| Белсенді салымшылар | - |
| Жалпы портфель, АҚШ долларымен | 12 029 678 |
| Белсенді салымдардың жалпы саны, АҚШ долларымен | - |
| Филиалдар | 42 |
| Қызметкерлердің жалпы саны | 256 |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушылық-құқықтық нысан | Банктік емес қаржылық мекеме | |
| | Микроқаржылық ұйым | |
| Қызметті жүзеге асырудың басталуы | 1997 | Желі: Қазақстанның микроқаржылық ұйымдар қауымдастығы |
| Аймақтар | Ауылдық | |
| Кредиттерді беру әдістемесі | Жеке, топтық кредиттер | |
| Қаржылық қызмет көрс | Кредит | |
| Қаржылық емес қызмет | Оқыту | |
| Жабу | аймақтың 5/14 -і | |

| Әлеуметтік көрсеткіштер | 2017 жылғы |
|---|---|
| Ауыл тұрғындарын қамту, қарыздар | 93% |
| Әйел клиенттер | 85% |
| Әйел қызметкерлер | 73% |
| Басшылықтағы әйел қызметкерлер | 45% |
| Берілген қарыздардың орташа сомасы, АҚШ долларымен | 638 |
| Үшінші кредиттік кезеңдегі клиенттер | 15% |
| Берілген қарыздар> үшінші кезең | 22% |
| Өтелмеген берешектің орташа қалдығы / GNI pc | 6% |
| Ынтымақтастық топтарының әдістемесі, клиенттер | 81,3% |
| клиенттердің шығарылу коэффициенті | 30% |
| PAR30 | 0,7% |
| Қызметкерлердің тұрақсыздық коэффициенті | 18% |
| Орташа жылдық пайыздық мөлшерлеме (APR | 52% |
| Ашықтықтың орташа индексі | 100 |
| Белсенді қарыз алушылардың өсуі | 38% |

Қосымша ақпаратты алу үшін 2 және 4 қосымшаны қараңыз

**MicroFinanza Rating Central Asia**
Тыныстанов көшесі, 231, 14-пәтер
720040, Бішкек - Қырғыз Республикасы
Тел: +996 312 624441 www.microfinanzarating.com

**Азиатский Кредитный Фонд**
Әуезов көшесі, 60,
050009, Алматы - Қазақстан
www.asiancreditfund.com Тел: +7 727 2506190

## Әлеуметтік рейтинг шкаласы

| Бағалау | Анықтама |
|---|---|
| $^{S}$AA | Әлеуметтік қызметті басқарудың және клиенттерді қорғау жүйесінің үздік деңгейі.<br>Әлеуметтік міндетке қол жеткізудің жоғары ықтималдығы. |
| $^{S}$A | Әлеуметтік қызметті басқарудың және клиенттерді қорғау жүйесінің жақсы деңгейі.<br>Әлеуметтік міндетке қол жеткізу ықтимал. |
| $^{S}$BB | Әлеуметтік қызметті басқарудың және клиенттерді қорғау жүйесінің тиісті деңгейі.<br>Әлеуметтік міндетке қанағаттанарлық сәйкестік. |
| $^{S}$B | Әлеуметтік қызметті басқарудың және клиенттерді қорғау жүйесінің жеткіліксіз  деңгейі.<br>Әлеуметтік міндетке жартылай сәйкестік. |
| $^{S}$C | Әлеуметтік қызметті басқарудың және клиенттерді қорғау жүйесінің төменгі деңгейі.<br>Міндеттен ауытқудың орташа тәуекелі. |
| $^{S}$D | Әлеуметтік қызметті басқарудың және клиенттерді қорғау жүйесінің әлсіз  деңгейі.<br>Міндеттен ауытқудың тәуекелі. |

"+" немесе"-" салыстыру белгілері  рейтингтің негізгі санаты шеңберінде ұйымның салыстырмалы жағдайын пысықтау үшін бағалаудан кейін қойылады.

Қосымша ақпарат: www.microfinanzarating.com

Әлеуметтік рейтингті анықтау кезінде қолданылған ақпаратты жартылай бағалаушы мекеме ұсынған және жартылай жоғарғы басшылықпен, қызметкерлермен және мекеменің клиенттерімен кездесулердің кезінде жиналған. Талдау MIS ішкі мәліметтеріне және басқа да ресми деректерге негізделген. MicroFinanza Rating ақпараттың сенімділігіне және тұтастығына кепілдік бере алмайды, өйткені аудит жүргізбейді, сондықтан, осындай ақпаратты пайдаланудың нәтижесі болып табылатын қандай да бір қателер немесе жақсартулар үшін жауапкершілікте болмайды. Әлеуметтік рейтинг сыртқы және тіуелсіз пікір ретінде қарастырылуы тиіс және оны қандай да бір мекеменің  инвестицияларын жүзеге асыру үшін ұсыным ретінде қарастыруға болмайды.